

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

" Жүрек амалдар сериясы "

Екінші сабақ

Шейх Мұхаммед Салих Мунажжид

"Әт-тауакул"- әсері зор өте құрметті дәреже. Негізінде ол мейірімді Аллаһ Тағалаға жақын қылатын амалдар мен ғибадаттардың ең абзалы. Және де ол Аллаһ Тағаланы бір деп білудің ең жоғары дәрежесі. Шын мәнінде барлық істер Аллаһқа деген тәуекелсіз, одан жәрдем талап етілместен ешқашан жүзеге асырылмайды. Және тәуекелдің орны инабаттың орнынан жоғары тұрады. Өйткені тәуекел мақсатқа жетудегі қолданылатын әдіс немесе құрал болса – ал, инабаттылық мақсаттың өзі. Және де ол (тәуекел) мәртебелердің ең құрметтісі әрі абзалы, қадыры ең зоры.

Ибнул Қайим р.а. айтты : " Тәуекел діннің жартысы; ал екінші жартысы болса – инабаттылық (яғни, күнәдан тыйылып, Аллаһқа қайту немесе бүтіндей берілу). Өйткені дін – көмек тілеу және ғибадат қылу. Ендеше тәуекел – көмек тілеу болса – инабаттылық ғибадаттың өзі. Және де тәуекел пенденің уәжіптерімен нәпілдер онсыз толық болмайтын барлық діни істеріне байланысты. Тәуекелдің беделі дәрежесі ең толы әрі өте ауқымды.

Тәуекел әр нәрсеге байланысты, уәжіп , мустахап, тіпті мубах нәрселерге де. Адамдар қажеттері көбейуіне байланысты, олар сол қажеттерін өтеу үшін Аллаһқа тәуекел етулері ауадай қажет. Сөйтіп тәуекелге деген қажет көбейеді. Аллаһ Тағаланың шынайы пенделері, оларға қайсыбір (қиын) жағдай түскенде , Аллаһ Тағалаға инабаттылықпен қайтып, Оған тәуекел етеді. Сол себепті Аллаһ Тағала қиыншылықтарды жеңілдетіп , қиналғанға жеңілдік береді. Міне осылайша пенде жүрегі орнығып , нәпсі тыным тауып , Аллаһ Тағала қазасымен тағдырына разы болған халде қалаған нәрсесіне қол жеткізе алады.

Ибнул Қайим р.а. айтты: "Егерде тауды өз орнынан кетіруге бұйырылған пенде Аллаһ Тағалаға шынайы тәуекел қылып кетіре (бастағанда) кетіреді".

Мұсылман барлық істеріндегі тәуекелді тек уәжіп ретінде ғана қарамайды, керісінше, оны діни істерімен ғана байланысты емес, керек десеніз дүние істерімен де байланысы бар діни борыш ретінде қарайды. Және де дүние істерімен ризық талабына шектелмей , оны Аллаһ Тағаланың ғибадатымен байланыстырады. Сонымен, тәуекел – ғибадат. "Аллаһқа тәуекел етіндер егер мүмін болсаңдар!". Сол үшін тәуекел діннің жартысы болды. Негізінде ол иман негіздерінен болғаны үшін уәжіптің өзі. Негізінде ол иман негіздерінен болғаны үшін уәжіптің өзі.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия (Аллаһ одан разы болсын) былай деген : " Расында Аллаһқа тәуекел ету – ұлы уәжіптердің бірінен . Аллаһқа ықылас ету уәжіп болғандай, Аллаһ Тағала бірнеше аятта тәуекел етуді (қылуды) әмір етті, дәрет және ғұсылда әмір еткеніндей; сонымен қатар Аллаһтан өзгеге тәуекел етуден қайтарды ".

Ибнул-Қайим айтты : " Тәуекел – "тафуид" (тапсыру) және көмек тілеу разылық дәрежелерін қосушы (жинаушы нәрсе) , осы үшеуінсіз тәуекел орнына келмес(пайда бола алмайды).

Шейх Сүлейман бен Мұхаммед бен Абдулаһһаб айтты: "Амалдармен ғибадаттар бөлініп шығатын жинақтаушы негіз – Аллаһқа қылынатын тәуекел және одан шынайы пана тілеу мен жүректі Оған сүеу(байлау, тіреп қою). Және де ол тәуекел махаббат, қауіп, үміт (сияқты шарапатты дәрежелердің әр қасысын пайда қылушы таухидтің тоқ етері (қорытындысы) Оның Раббы әрі Құдай екеніне риза болу, Оның жазған тағдырына риза болу сияқты шарапатты дәрежелердің әр қайсысын пайда қылатын таухидтің қорытындысы. Кейде тәуекел пендені қиыншылықтар арқылы ләзәттануымен оны нығмет деп есептеуге дейін жеткізеді".

Хадисте келгендей " Жетпіс мың адам есепсіз және азапсыз жаннатқа кіреді"- делінген. Қалған пендесін қалаған нығметтерімен артық етуші Аллаһ Тағала барлық кемшіліктерден пәк! Аллаһ Тағала ұлы (мол) кеңшілік иесі.

Тәуекел – таухид иләһидің рүкіндерінің бірі(?). Бұның дәлелі , Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деді: **" Саған ғана құлшылық қыламыз және Сенен ғана көмек тілейміз". Және де бір дәлел : " Оған тәуекел қыл ! Раббың қылып жатқан амалдарыңнан ғапыл емес!". Және айтты: " Егер олар теріс қарап кетсе –" Маған Аллаһтың Өзі жетерлі "-де. Одан басқа (ғибадат қылуға лайық) тәңір жоқ және де Ол ұлы тақтың иесі".**

Бұл тәуекел, оның толық жасауға жоғарыдағы жетпіс мың кісі туралы хадистегідей мүміндердің кейбіреулерінің ғана қолынан келеді. Демек, бұл тәуекелді кез-келген адамдар емес, негізінде адамдар ішіндегі пайғамбарға с.ғ.с. зікір еткен азғантай топ қана жүзеге асыра алады. Пайғамбарымыз с.ғ.с. айтты: **" Сенің бұл үмметің, олардың ішінен жетпіс мың кісі есепке тартылмастан (есепсіз) жаннатқа кіреді"** – деп, олардың кім екенін, қандай сипатта екенін түсіндірместен (үйіне) кіріп кетті. Сол кезде қауым сөзді көбейтіп , жорамалдай бастады. (кейбіреулері айтты): "Біз Аллаһқа иман келтіргендерміз және Оның елшісіне ілестік .(Сол үшін пайғамбарымыз с.ғ.с. айтқан жетпіс мың кісі) өзіміз шығармыз немесе Исламда туылған біздің балаларымыз шығар, ал біз болсақ жәһилисте туылдық қой дейді. Олардың осындай әңгімелері пайғамбарымызға с.ғ.с. жеткенде , пайғамбарымыз с.ғ.с. оларға шығып :**" Олар – ауырса дем салуды сұрамайтын (талап етпейтін), ырымға сенбейтін, денесін күйдірумен емдемейтін және Аллаһ Тағалаға тәуекел етушілер"**- деді. Сол кезде Укаша ибн Михсан деген сахаба:" Ей, Расулаллаһ! Мен оларданмын ба ?- деп сұрағанда пайғамбарымыз с.ғ.с.:**"Иә"**-деп жауап берді. Сонда тағы бір сахаба:" Мен оларданмын ба ?"- деп сұрағанда пайғамбарымыз с.ғ.с. :**" Укаша (жаннатқа) сенен озып кетті"**-деді.

Сахабалардың да арасында тәуекел етушілер бар еді. Солардың бірі Ғұмран бен Хусайн р.а. Ол кісиде геморрой дерті бар еді. Сол ауруға сабыр еткенде , оған періштелер сәлем беретін еді. Сөйтіп жүргенде денесін күйдірумен емделсе – періштелердің оған беретін сәлемі тоқтап қалды. Соны білгеннен кейін күйдіру арқылы емделуді тастап , ауруға сабыр қылғанда – сол кезде періштелер оған сәлем беруге қайтқан еді.

Муфарриқ арқылы жеткен хадисте , ол кісі айтады:" Маған Ғұмран бен Хусайн былай деді:" Мен саған хадис айтып берейін Аллаһ Тағала оның пайдасын саған тигізер . Шын мәнінде Расулаллаһ с.ғ.с. қажылықпен умра (арасын) қосып , кейін қайтыс боларына дейін одан қайтарған жоқ. Және оны тыйым салатындай бірер аят түскен емес. Және де мен дене күйдірумен емделмегенге дейін маған сәлем беретін еді. Сөйтіп ем қабылдап жүрдім. Одан кейін сол "кәй"ді қойғанымда , періштелердің сәлемі маған қайтып оралды.

Аллаһқа тәуекел қылу – Аллаһ Тағаланың пенделерінің ұлы сипаттарының бірі. Өзгелерден ерекше болатын рәміз (ұраны), иман иелерінің нақ көрінер белгісі. Аллаһ Тағала айтқандай : **"Шын мәнінде , мүміндер, оларға зікір етілгенде жүректері езіліп, ал Оның аяттары оқылғанда имандары арта түседі және олар Аллаһқа тәуекел етеді"**-деген.

Олар Аллаһтан өзгені үміт етпейді, және Одан өзгені мақсат тұтпайды, Одан өзгенің ұлылығына бас иемейді, Одан басқасынан өз қажеттерін тілемейді, және Одан басқадан сұрауды (қасында болуды) қаламайды. Оның қалағаны болатынын және Оның қаламағаны болмайтынын біледі. Және Ол билігін жүргізуші, сол билікте Оның ешбір серігі жоқ екенін, және Оның үкіміне ешкім қарсы бола алмайтынын жақсы біледі. Және де Ол тез есеп алушы.

Ибн Кәсир және Сағид ибн Жубейр айтты:"Аллаһқа тәуекел ету – иманның толықтығы"(жиынтығы, қосындысы).

Аллаһ Тағала Ибраһим және онымен бірге болған иман келтіруші Өзінің әулиелері турасында (олардың қылған дұғаларын жеткізіп):" Ей, Раббымыз! Өзіңе ғана тәуекел еттік және қайтар жер де (барар жақ) Өзіңнің алдың"- деді. Яғни, барлық жағдайларымызда Өзіңе тәуекел еттік, және оны Өзіңе ғана тапсырып , Өзіңе қалдырдық!".

Олардың имандарымен тәуекелдерінің күштілігінен Аллаһ Тағала оларды көркем –үлгі тұтуға әмір етті:"Ибраһим және онымен бірге иман келтіргендер" , осылайша олар Аллаһ Тағалаға тәуекел етіп, барлық істерін Аллаһ Тағалаға бүтіндей тапсырған еді. Және барлық жағдайларында Аллаһқа тәуекел етуді, Оның ризалығы үшін еңбек етіп күш жұмсауды бірге тұтар еді.

Сонымен тәуекел – адамдарды қорқытып, дұшпандардың көптігінен сескендірген күні мүмкіндердің күш-қуаты, Ибраһим ғ.с. отқа тасталғанда ең алғашқы және ең соңғы айтқаны

Тәуекелдің (фазилет) артықшылығын білдіретін тағы бір аят бар: "Егер олардан көктермен жерді жаратқан кім"-деп сұрасаң, "Аллаһ"-дейді. Оларға : "Егер Аллаһ маған бір зиан тигізуді қаласа, Аллаһта өзге шоқынғандардың Оның зианын айықтыра алады ма? Немесе Аллаһ маған бір игілігін қаласа, олар Оның игілігін тосып алушы ма? (Ей, Мұхаммед айт):"Маған Аллаһтың Өзі жетерлі , тәуекел етушілер оған тәуекел етсін!"(39:38)

Аллаһ Тағала тәуекел етуді бұйырып , "Мүміндер Аллаһқа ғана тәуекел етсін"-дегендей, бірнеше орындарды(жерлерде) соған қызықтырған. Бұл бұйрық Құран Кәрімнің жеті жерінде келген. Олар:

2 – "Оған құлшылық әрі тәуекел етіндер!" (11:123)

3 -??

4– "(Ей, Мұхаммед!) Аллаһтың берген рахметімен оларға жұмсақ (мінезді) болдың (боласың). Егер дөрекі (тұрпайы), қатал жүректі болғаныңда (болсаң еді), әлбетте олар маңайыңнан тарқап таралып кетер еді. Сондықтан оларды ғафу ет, олар үшін кешірім (жарылқау) тіле және де іс жөнінде олармен кеңес қыл. Ал егер бір нәрсеге шешім байласаң (бір істі жасауға шешім қабылдасаң)-Аллаһқа тәуекел ет. Әлбетте , Аллаһ Тағала тәуекел етушілерді жақсы көреді."(3:159) Сонымен, тәуекел Аллаһтың махаббатына ие болудың бірден-бір себебі және мүміндерді өзгелерден ерекшелеп тұратын сипат. Сол үшін , Аллаһ Тағала тәуекелді үәжіп етті.

Алтының түсінігі сол, егер тәуекел жоқ болса (таусылса) - иманда жоқ болады (таусылады) деген мағынада.

Тәуекел етуші (адамды) жақсы көретінін хабарлағаннан кейін Аллаһ Тағала Өзіне іспен және сөзбен тәуекел етуді әмір етті.

Және иманға (қоса) тәуекелді шарт қылды. **"Егер мүмін болсаңдар Аллаһқа тәуекел етіңдер!"**-деді. Ал, мына аят Мұса ғ.с-ның қиссасында келген еді: **"Ей қауым! Егер Аллаһқа иман келтіріп мұсылман болсаңдар Оған ғана тәуекел етіңдер."**(10:84) Өйткені біріншісі үшін екіншісі қажет.(Демек бір-біріне өте қажет)

Шейх Сүлейман бен Абуллаһ ат-Тамими былай деді:" Аяттың мағынасы ,Мұса ғ.с. өз қауымын Аллаһ Тағала өздеріне бұйырған (жазып қойған)қасиетті жерге кірулерін (әмір етті), және (жәбәбиралардан) залым басшылардан қорқып артқа қайтпауларын, керісінше, Аллаһқа тәуекел етіп ,олардан қорықпай алға басуды әмір етті.

7 – Сөйтіп Аллаһқа тәуекел етушілер, жер бетінде сыпайы түрде (арқайын) жүретін , Рахманның (Аллаһтың) нағыз құлдарына айналды. Және Аллаһ Тағала оларды құрметті әрі ірі дәреже-мақаммен сипаттады. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала Өзіне тәуекел етушілерге оның ісін басқарып, оған жетерлі болуды (немесе, сақтауын) кемілдік беруді Аллаһ Тағала Өз дінімен кітәбіне көмек қылушы және құлдарын аман сақтауда Өзі жетіп асады. Аллаһ Тағала айтты: **"Кімде-кім Аллаһқа тақуалық қылса – (Аллаһ оған)қиыншылықта шығу жолдарын қылып, оған (ойламаған жерден) күтпеген жерлерінен ризық береді. Кімде-кім Аллаһқа тәуекел етсе (Ол оған жетіп асады) Оның Өзі жетеді. Әлбетте, Аллаһ Тағала Өзі қалаған ісіне жетуші (Өз бұйрығын атқарады). Расында Аллаһ Тағала әр нәрсе үшін өлшем жасап қойған"**(65:3) Ибн Кәсир айтты :**"Кімде-кім Аллаһ Тағалаға Оның бұйырған істерімен тыйым еткен істерінде тәуекел етсе – жағдайының шешімін тауып (қиыншылықтан шығар жол тауып) күтпеген (ойламаған) жерден ризық беріп қалды. Яғни, ойына келмеген тараптан. Бұл аятта, тәуекел етудің фазылеті (артықшылығы) және оның пайда келтіріп, зиян келтірудегі ең ірі (үлкен) себептердің бірі екендігі айтылады. Өйткені пайғамбарымыз с.ғ.с. айтты:"*Егер сендер Аллаһқа шынайы тәуекел еткеніңізде , Ол сізді құсты ризықтандырғандай ризықтандыраар еді. Ертелеп аш шығып ,(оралғанда)тоқ болып қайтады"*. Термизи риуаят қылып, Албани сахих деген.**

Демек, құстың жүрегі Аллаһқа деген тәуекелге толы. Егерде біз Аллаһ Тағалаға құстар тәуекел қылатындай тәуекел қылғанымызда – құсқа ризық берілгендей бізге де ризық берілер еді.

Пайғамбарымыз с.ғ.с. Аллаһқа тәуекел етушілерді екі сипатпен сипаттаған еді:

1 – Ризық талап етудегі еңбек(талпыныс).

2 – Себептерді себеп етушіге (туғызушыға), себепшіге(Аллаһқа) жүгіну(сүйену).

Бұл хадис тәуекел ету мәселесі түсінігімен себептерді ұстануда өте маңызды. Өйткені құс таңергең ризықты іздеу үшін ұясынан шығып кетеді. Бұның өзі – амал, еңбек, әрекет болса – ұшу. Сөйтіп, өзіне және ұяластарына тағам арқалап келеді. Демек ризық талап етудегі еңбек – рұқсат етілген себептердің себепшісіне (Аллаһқа) үлкен бір сүйену (жүгіну) болады. Аллаһ Тағала айтты:" **Кімде-кім Аллаһ Тағалаға тәуекел етсе - әлбетте, Аллаһ Тағала үстем әрі Дана (даналық иесі).** (8:49) Азиз-аяттың соңымен тәуекелдің байланыстырушысы. "Азиз"-дегеніміз өзінен пана тілегенді қор қылмайды. Және Оның ұлықтығын дәріптегенді зия етпейді. Ал, Хаким болса- Өзіне тәуекел етушіні Өз хикмет даналығымен көркем басқарып қоятынды айтады. Ибн Касир р.а. айтты."**Кімде-кім Аллаһ Тағалаға тәуекел етсе яғни, Оның ұлылығына сүйенсе - әлбетте, Аллаһ Тағала Үстем әрі дана; ал тәуекел – онсыз жүріс болмайтын жүретін көлік. Қай кезде (азап) сол көліктен түссе- дереу одан ажырап, жүрісінен тоқтап қалады. Бұл – Ибнул Қайымның байқағаны және де бұл – тәуекелдің мәртебесімен тәуекелдің фазылет-артықшылығын айқындап тұрушы нәрсе.**

Аллаһ Тағала тәуекелді барлық жағдайларда, ғибадаттармен деңгейлерде әмір еткені, оның артықшылығымен жоғары дәрежесіне дәлел болады.

1 – Ғибадат деңгейі:

Аллаһ Тағала :**"Оған ғибадат қылып, тәуекел етіңдер"**-деді. Демек Аллаһ Тағала (бұл аятта) пайғамбарымыз с.ғ.с.мен мүміндерді және барлық жаратылыстарды (адамдарды) ғибадат және тәуекел етуге бұйырды. Және де айтты:"**(Ей,Мұхаммед!) Сен Раббыңнан уахи етілгенге ілес-әлбетте, Аллаһ Тағала істеп жүргендеріңнен толық хабардар. Және**

Аллаһқа тәуекел ет – Аллаһ тәуекел етілуге Өзі жетерлі"(33:3). Барлық істеріңмен жағдайларда Аллаһқа тәуекел қыл – бұл нұсқау (Аллаһтың) Өз елшісіне с.ғ.с.-ға Аллаһқа тәуекел етіп, Оған тақуалық қылуға және құлшылық жасап, Раббысынан келген уахиге ілесу нұсқауы. Бұл оған және өзінен кейінгі қиамет күніне дейінгі үмметіне бір бұйрық.

2 – Дағуат деңгейі.

Пайғамбарымыз с.ғ.с.ға хитаб (үндеу) келді. Бірақта, пайғамбарымыз с.ғ.с. келген хитабтар (үндеулер), оның өзіне ғана жолданғанына ерекше дәлел болмаса, негізінде, оның үмметіне жолдаған бір хитаб (үндеу) болады. Аллаһ Тағала :**"Егер олар сенен теріс қарап кетсе ??????????"****"Маған Аллаһтың Өзі жеткілікті, Одан басқа ешбір Тәңір жоқ, мен Оған тәуекел еттім, және Ол ұлы баршаның Раббысы!"**-де"-деген. Демек, барша қуат, иелік, үстемдік және бедел Оның Өзіне ғана тән. Және Ол Өзін дәріптегенге жетерлі, пана тілегеннің сақтаушысы, барша жамандықтардан қорғаушысы.

Нұх ғ.с.(қиссасы) түскен аяттарда дағуат деңгейінде :**"Нұх айтты:"Ей қауым! Егер сендерге (араларында ұзақ өмір сүріп) тұрғаным (бұл тұрысым) және Аллаһтың аяттарын үгіттеуім ауырлық қылған болса, онда мен Аллаһтың Өзінен тәуекел еттім"**(10:71). Нұх ғ.с.-ның осы дағуаты, және ұзақ қорқытуы мен жалғасымды ескерулері, сонымен бірге болған өз қауымынан көрген өтіріксінулерімен қарсылықтары (яғни, уахиды жеткізгеннен кейін көргені) -өзі дағуатта болсада Аллаһқа тәуекел ету және істерді Оған тапсырудың өзі. Сонымен егерде дағуатшы, өзі дағуат қылғандар тарапынан қарсылық, түсінбестік ??? сөз қайтару және қабылдамаушылыққа кезіксе-әлбетте, ол Аллаһқа тәуекел қылады. Ал, Аллаһ Тағала оны әлгілердің жамандықтарынан сақтап, қарсылықтарымен қинағандардың жүректерін кең етіп қояды.

3 – Хүкім және қаза.(билік және жазым, жазмыш)

Аллаһ Тағала айтты:**"Сендер қасы бір (мәселеде) келіспесеңіз (тартыссаңыз) – оның хүкімі Аллаһқа тән. Міне, осы Аллаһ менің Раббым. Оған тәуекел еттім және Оған мүниб (инабатты) болдым"**.(42:10) (Яғни, күнәні қойып, Аллаһқа нақ қайттым) пайғамбарымыз с.ғ.с. барлық істері Аллаһқа тән, ол Аллаһқа қайтып, Оған тәуекел етті және барлық істерін Оған тапсырды.

Қалайша адамдар, егер істеріндегі бір нәрсеге тартысып қалса – Аллаһтан өзгенің билігіне көнулері қалай? Ал Оның жіберген елшісі бола тұрып, қалдырылады да, оны өздері тартысқан мәселедегі кесінді сөзін айту үшін ешкім билік қылушы етіп алмайды, әрі Ол билік етуге ең лайықты болған халде? Қалайша олар пайғамбарымыз билік қылып тұрған кезде өздерінің істерінде өзгелерге жүгінеді? Қазы (би) және үкім беруші анық жақ үстінде болса да – олар не нәрсемен қайтарғанына және үкімдерін қайтарушыларға, және үкім қылып тұрған шариғат бойынша үкім жүргізуді қарсы шығатындарға біреп де мән бермес. Сондықтан хақим (төреші,сот)пен қазы Аллаһқа тәуекел қылуға тиісті.

4 – Жиһад және дұшпандармен соғысу деңгейінде.

Аллаһ Тағала айтты:**"(Ей,Мұхаммед!)Үйіңнен ерте шығып, мүміндерді соғысатын жерлерге (орындарына) орналастырғаныңды (есіңе ал). Аллаһ Тағала Естуші және Білуші. Сендердің араларында, екі топ ұйымдап, үрейленуі Аллаһ Тағала екеуіңіңде уәлиі бола тұрып (яғни,ұтыламыз ба?-деп ойлана бастады)."والله وليهما"****"-Мүміндер Аллаһқа тәуекел етсін!"**аят (3:120). Соғысқа әзірленіп, әскерді дайындауы және жерлерді белгілеп, әскерді реттестіру, яғни, есептерді жасаумен бірге

Пайғамбарымыз с.ғ.с. тәуекел қылуға бұйырылған еді, жеңіс Аллаһтың қолында болғаны үшін. **"Егер Аллаһ сендерге жеңіс берсе (көмектессе) сендерді жеңуші ешкім жоқ. Ал, егер сендерді тастап кетсе, одан кейін сендерге көмек беруші кім? Мүміндер Аллаһқа тәуекел етсін!"**(3:160) Яғни, "Егер сендер әлсіздеу болсаңыз – жеңіс Аллаһтың қолында, сол үшін Оған тәуекел етіндер"-дегісі келгендей.

"Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алындар! Бір қауым сендерге қол сұғуды ойлағанда (көтеруді ниет қылғанда) қолдарын сендерден қайтарғанын еске алындар. Сондықтан Аллаһтан қорқындар және мүміндер

Аллаһқа тәуекел етсін!"(5:11). Ал, егер сендер көп және күшті болсаңдар да – бәрібір сендерге тәуекел ету керек, өйткені Аллаһқа тәуекел етпесеңдер сандарыңның көптігі сендерге пайда бермейді.((және "Хунейн" күнінде (.....) Сендерді көпшіліктерің таң қалдырған еді . Сонда ол, өздеріне еш пайда бермегенін естеріңе алыңдар. Егерде олар (мұсылмандар) ұрыста болып, жау өзінің жеңілгенін мойындап, (және соғысты тоқтатып) келісімге келуді талап етсе де және мұсылмандар өздерінің жеңдік деп ойласа да Аллаһқа деген байланыспен (Аллаһқа) тәуекел қылуы тиіс. Тіпті егерде жаулар сендерге "берілгіміз келеді"- деседе.

"Егер олар бейбітшілікке бейімдесе – сенде оған бейімделде Аллаһқа тәуекел ет, әлбетте Ол Естуші әрі Білуші" (8:61). Ұрыс (шайқас) тоқталғанмен (тәуекел ету тоқталмайды) соғыс біткенмен, жау бітімге келіп, қор бола өзін-өзін тапсырғанмен – тәуекел ету тоқтамайды. Худайбия (келісімінде) пағамбарымыз с.ғ.с. жиһадпен соғысты жалғастыруға, керек десеңіз басып алуға (?) шамаса келер еді. Және өзі де маған өлімге биғат қылыңдар بايعوني деп еді, бірақ бітімге келу ұсыныс етілгенде оларға дағуат қылудың бір мүмкіншілік-фурсаты болсын деп бітімге келісті. Сондықтан-да, Худайбия келісімнен кейін , Исламға кіргендердің саны алдыңғы жылдарға қарағанда бірнеше есе көп болды. Демек, егерде олар мұсылманнан сұрап кәзіргі соғысты толқтатуды сұраса – тәуекел етуі керек, тіпті олар сендерді алдап кетуді ойласада. Өйткені, саған жетерлі – Аллаһтың Өзі. Және де дұшпан үстінен егер үстемдікпен жеңіс өзінде болады, тәуекелді жалғастыру керек. Мұса ғ.с-ның қиссасында Аллаһ Тағала айтты: "(Мұса қаумы): **"Ей Мұса! Әлбетте (ол қалады) қорлықшы қауым бар, олар шықпайынша , біз онда кірмейміз. Егер олар (сол жерден) шықса ғана , әлбетте кіреміз"**-деді. Сонда қорыққандардан болып, Аллаһтың нығметіне бөленген екі кісі: "Олардың үстіне қақпадан кіріңдер , кірген кезде әлбетте үстем болсаңдар. Және егер мүмін болсаңыз Аллаһқа тәуекел етіңдер"-деді.(5:22-23)

5 – Кеңесу, ақылдасу деңгейінде:

Аллаһ Тағала айтты: **"(Ей Мұхаммед!) Оларға Аллаһтың мейірімен жұмсақ (мінезді) болдың. Егерде тұрпайы, қатал жүректі болсаң, олар маңайыңнан қашып кетер еді, оларға кешірім етіп, оларға жарылқау тіле, іс жөнінде олармен ақылдас. Сонда қашан (бір істі) шешсең Аллаһқа тәуекел ет, әлбетте Аллаһ Тағала тәуекел етушілерді жақсы көреді".** Бұл жердегі ақылдасу-кеңес себептерді ұстану бабынан алынып тұр من باب . Сонымен, адамдардың ойлары, көзқарас-пікірлері дұрыс жолды табумен, дұрыс шешім қабылдауға көмектесуші себептер. Бірақ, бұл жағдайдағы мүміндер кеңесшілері қандай мықты болсада, Аллаһқа тәуекел етуден бас тартпайды. Сол үшін олардың кейбіреулері, кеңесшілердің көзқарастары бар болғанда, тәуекелдің қажет емес деп ойлап алданды. (Бұл жерде) біздің айтарымыз сол кеңесші, ақылшылардың барлығыда бірігіп (қосылып) қате шешім (қарар) қабылдауы әбден мүмкін, немесе дұрыс шешім тапсада оны орындау барысында қателесуі мүмкін. Демек, көзқарас-пікірлер ұстанғанмен міндетті түрде Аллаһқа деген тәуекелдің болуы тиіс.

6 – Ризық талап теу деңгейінде.

Аллаһ Тағала айтты: **"Сендерге (не нәрседен) не берілседе – дүние өмірінің (осы дүниенің) қызығы ғана. Ал, иман келтіріп, Раббыларына тәуекел етушілер үшін Аллаһ қасындағы нәрселер әлде қайда қайырлы және мәңгі (ұзағырақ)"(42:36).** Және айтты: **"Кімде-кім Аллаһқа тақуалық қылса оған бір шығар жол пайда қылады және ойламаған жерден (жерінен) ризық береді. Және кім Аллаһқа тәуекел етсе Оның Өзі жетерлі. Әлбетте, Аллаһ Тағала Өз бұйрығын атқарушы, шын мәнінде Аллаһ Тағала әр нәрсеге өз өлшемін қылған"(65:3).**

7 – Уәделер және келісім деңгейінде.

Аллаһ Тағала Иусуф ғ.с. және оның ағалары қиссасында Йәғкуб ғ.с. туралы оның: **"Бәрін бір-ақ қолды болып кетпейінше, оны міндетті түрде маған әкелулеріне байланысты Аллаһтың атымен серт бергенге дейін оны сендермен бірге жібере алмаймын (жібермеймін) деді.** Сөйтіп олар әкелеріне серт берген сәтте, әкелері: **"Айтқанымызға Аллаһ Тағала уәкіл (яғни, куә-???)"**-деді " (12:66). Серт (موثق) –

жауапкершілігі өте ауыр уәделермен анттар. Және айтты: **"Әй балаларым! Қалаға бір қақпадан кірмей, бөлек-бөлек қақпалардан кіріңдер . мен сендерден Аллаһтың ешбір үкімінен қайтара алмаймын. Үкім – Аллаһтың Өзіне ғана тән, мен Оған тәуекел еттім және тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін!"** (12:67).

8 – Аллаһтың жолында хижрет қылу деңгейінде.

Нәпсіге ең ауыр және ең қатты болып келетін нәрсе – адамның отырған жерін (Отанын, жерін, елін), үйімен малдарын, (қоныс немесе жер аудару). Және жақындарың құрбандық (тастап кетумен) етумен (???) , жақсы көргендерің еске түсірумен (бір жерде) бөтен болып отыру. Дегенмен, осының бәрін Аллаһ Тағалаға қылған тәуекел жеңілдетеді. Аллаһ Тағала айтты :**"Зұлымдыққа ұшырағаннан кейін Аллаһ жолында хижра қылғандарға дүние жайлы қонысқа орналастырамыз. Және олар білгенде еді, ақырет сауабы (оданда) зор. Олар сондай сабыр қылып Раббыларына тәуекел еткендер"** (16:41-42). Демек, хижрамен (Отаннан) бөлініп қалуды жеңілдетуші – Аллаһқа тәуекел ету. Қатты таршылықтар көрген Хабашаға қоныс аударушылар, ол жаққа екі рет белгілі хижрет қылған еді. Және пайғамбарымыз с.ғ.,с-мен оның досы (Абу Бакр) хижрет жолында сынақтармен қауіптерді бастарынан өткізген еді. "кәпірлер оны (Меккеден шығарған кезде, үнгірдегі екінші бірі болған сәтте, ол) екінші екіншісі болып шығарғанын (есіңе ал), сонда екеуінің үнгірде болып, досына:**"Кейіме, әлбетте Аллаһ бізбен бірге"-дегенін (есіңе ал)**. Сол кезде Аллаһ Тағала оған өз "сакинасын" (яғни, тыныштығын түсіріп) және оны сендер көрмеген (көрмейтін) әскермен қуаттады" (9:40)

9 – Сату , жолға бару және үйлену келісім (актілерін) жүргізген (түзеген) деңгейінде.

Мұса ғ.с. "салих" ізгі кісімен сегіз жыл оған жалданып, қойларын бағып беруіне ақысысына әлгі кісі өз қызын беретініне келісіп еді. **"Егерде оны он жылмен толтырсаң - өзіңнен болсын (яғни, ықтиярыңда) және сені қинағым келмейді. Аллаһ қаласа , мені салихтерден табарсың. Айтты:"Бұл-сеніңмен менің арамызда, осы екі мерзімнің қайсысын (жұмыс) атқарсамда маған қарсылық жоқ. Аллаһ Тағала айтқанымызға Уәкіл (куә) "-деді.(28:28).** Өстіп Мұса ғ.с. он жылын толтырып бітіреді, хадисте келгендей:"Әлбетте, егер Аллаһтың елшісі (бір нәрсені) айтса – жасайды"-деген. Және пайғамбарға ең лайықтысы – толық болғаны (кемшіліксіз).

Тәуекелдің түсінігі:

Арап тіліндегі мағынасы: сүйену және тапсыру (қалдыру); істі біреуге тәуекел ету-яғни, біреуге қалдыру және оған сүйену. Пәлен пәленді уәкіл етті-өз орнына сай деп біліп , оған сүйенгені, оған сеніп , істі тапсырғаны, және де тәуекел-өз әлсіздігін көрсетіп, басқаға сүйену,

Тәуекел сөзі Құран Кәрімде жеке және көпше түрде, өткен және кәзіргі шақпен әмір формасында 42 жерінде келген. Бұл сөз барлық жерде Аллаһ Тағалаға сүйену, істі Соған тапсыру мағынасында келген. "Тәклан" (тәуекел етуші) есімі ат-Тирмизидің **ضعف** "дафғы" бар хадисінде келген:" Бұл – еңбек, және (тәуекел етеміз)Саған сүйенеміз. (Тәуекеліміз Өзіне ғана тән) және Ғұсман хадисінде:" Жәрдем тіленетін Аллаһ, әй Аллаһ (бізге) сабырлық бере гөр және тәуекелдер Аллаһқа тән"(???). Және де есімдердің бірі **الوكالة** "уакала". Ал, "Уәкіл" істі орындаушы және іс тапсырылған адам.

Ибнул Қайим Аллаһ оған рахым етсін: "Уәкілдіктен екі нәрсе түсініледі. Біріншісі, уәкіл ету, жәрдем тілеу және жүктеу, тапсыру. Екіншісі, тәуекел, яғни, тәуекел етілгеннен (қылынатыннан) инаба (қайту) арқылы өзгеру. Бұны екі тарапқа істетуге болады. Демек, Аллаһ Тағала пендені Өз жүктегенін сақтауды жүктейді (тапсырады). Ал, пенде олда Аллаһқа жүгініп , соған сүйенеді.

Ал, Раббының пендені жүктегені, Аллаһ айтты:**"Егер олар (Құрайштар) күпірлік қылса - әлбетте Біз оған кәпір емес қауымды жүктейміз (уәкіл қыламыз)"** (6:89). Қатада айтты:" Осы аяттың алдында аты аталған 18 пайғамбарды оған уәкіл еттік (жүктедік)". Және Абу Ража әл-Атарида айтты:" Егерде оған жер бетіндегілер күпірлік қылса – оны аспандағы (періштелерді) жүктеп, уәкіл еттік". Және Ибн Аббас пен Мужаһид айтты:" Олар – мединелік

ансарлар"-деді. Ал, ең дұрысы: кімде-кім оны иман, дағуат , жиһад, көмек беру арқылы (пайғамбарлықты) атқарған болса – міне, соларды Аллаһ Тағала жүктеген болады. Мұғтаз Имам Ахмадқа қарсы шығып , түрмеге қамалғанда, қуғынға салып хадис айтудан тыйғанда – Абу Дуадқа мубтадиғші-бидғатшы ісі бойынша, бір кісі түсінде пайғамбарымызды с.ғ.с-ды **"егер олар соған күпірлік қылса"** деген аятты оқып Имам Ахмад ибн Абу Дуадқа Мұғтазиге сілтеп, **"әлбетте, біз уәкіл еттік"** аятын оқып Ахмад ибн Ханбалға қолын ишара еткенін көреді екен. Мүмін түсінің шындығы осы ғой.

"Аллаһ Тағала пенделердің бірін уәкіл етті"-деу дұрыс па? Иә, дінін орнату үшін уәкіл етті десек дұрыс. Өйткені уәкіл істі тапсырушының орнына сол істі басқарып жүргізуші. Бірақ, Аллаһ Тағаланың орынбасары, көмекшісі жоқ. Ешкімде Оның орнына бола алмайды, ешкімде оған қайшы келмейді. Керісінше , Ол ғана құлының орнына бола алады. (Сапар дұғасында):*"Ей Аллаһ! Сен менің сапардағы "жолдасымсың"(иемсің) және үй-ішімдегі орнымға қойғанымсың(????)"* –делінген. Сөйтіп, Аллаһ Тағала пенде үй-ішімен малынан ғайып болған кездегі орнында болады. Ал, егер Аллаһ Тағаланың Өз пендесін уәкіл еткені – істі соған тапсырып , Өзін сол істен сырт қалдыру арқылы пендесіне сыйлаған нығметі. Сол үшін тәуекел турасында - Өзін Раббылықтан сырт қалдырып (Раббылықты Аллаһқа тапсырып), құлдықты жүзеге асыру"-деген. Аллаһ Тағала Өз құлының уәкілі екендігін мағынасы оған жетерлі болып , ісін және пайда деп білген маслахасын жүргізуші(басқарушы)) .

Аллаһ Тағала құлының уәкіл етуі – іс, жұмыс, ғибадат және ихсан, Оның құлына қажетті (мұқтаж) болуынан емес, керісінше, Оның кеңшілігімен пенделердің мұқтаждығы. Ал, пенденің Аллаһты уәкіл етуі - Оның тәңірлігіне көну, Оған ғибадатты орындау. **"Бізге Аллаһтың Өзі жетерлі, Ол Уәкіл (етушілердің) ең жақсысы"**. Яғни, Ол біздің сақтаушымыз және өте жақсы Сақтаушы, бізді барлық жамандықтардан сақтайды. Жалғыз Аллаһ Өз пендесінің сақтаушысы. Пайда келтірумен зианды кетірудегі.

Тәуекелдің шарифаттағы жеке мағынасы: жүректің Аллаһ Тағалаға сүйенгенінің шындығы, (мейлі дүние, мейлі ақырет істерінде). Ибн Ражап зікір еткендей. Әл-Хасан айтты: "(Тәуекел)- Аллаһ оның сенім артқаны екенін білу(???) және Ибн Ғусаймин айтты: "Пайдалар келтірумен зарарлар (зиандар) кетірудегі жүрегін Аллаһқа сүйенгенінің (жүгінгенінің) растығы, Аллаһ Тағала Өзі бұйырған себептерді орындаумен бірге. Осы түсінік жақсы әрі толық.

Бұл себептерін ұстанбастан бөлек немесе онсыз бола алмайды. Демек, тәуекел – себептерді ұстанумен бірге Аллаһқа сенім артуы және жүгіну. Яғни, осы екі асылдың қосындысы.

Ибнул Қайим р.а. айтты: "Тәуекелдің сыры және оның хақиқаты – жүректің жалғыз Аллаһқа жүгінуімен. Сондықтын жүректің себептерге жүгенбегенімен сүйенбегені , сол себептердің болуы тәуекелге зарар тигізбейді.

Аллаһ Тағалаға толық (бүтіндей) жүгінген адам, жиырма себептері болсада – бір нәрсе істесе оған зианы тимейді. Ал, егерде пенде: "Аллаһқа тәуекел еттім жүректің Аллаһтан өзгеге жүгінуімен Аллаһқа тәуекел еттім"-десе , күнәсін жалғастырып жүріп тәубе келтірдім"-деген кісімен бірдей болады. Тіл тәуекелі жүрек тәуекелінен бөлек болады. Және ол – кәпірлермен батыстағылардың ісі. Себептері бітсе , сөздері тынады. Ал, мүмін болса – себепсіз қалса да, құтылуынан ешқашан үмітін үзбейді.

Тәуекел хақиқаты.

Аз-Зубейди "Тәжүл-арус" кітәбінде былай дейді: "Аллаһ Тағалаға (Аллаһтың қасындағыға) сенім артып, адамдар қолындағыдан күдер үзу. Аллаһқа тәуекел ету себептері ұстанумен (бірге) жүрекпен Аллаһқа жүгіну, сонымен бірге кәміл, айқын. Яғни, Аллаһты Оның ризық беруші, Жаратушы, Тірілтуші, Жан алушы, Одан өзге не тәңір не раббының жоқ екенін білу.

Және де тәуекелге ; Аллаһтың Өзі бұйырғанын орындау үшін тәуекел ету және Аллаһ Тағала Өзі өлшеп жазғанын беруі үшін Оған тәуекел ету жатады. Осының екеуі де Шейхуль Ислам ибн Тәймия айтып кеткен еді. Сонда, (Аллаһтан) пана тілеу амалдар үшін ғана болады. Ал, тәуекел адамда кеңірек . Тәуекел пайданы келтіруші және зарарды кетіруші нәрсе. **"Егер олар, Аллаһтың және пайғамбардың бергеніне риза болғанда және : "Бізге Аллаһтың Өзі жетерлі , Аллаһ Тағала Өз кеңшілігінен береді, кейін Оның елшісі бізге береді. Әлбетте біз Аллаһтың Өзіне ғана ұмтылушымыз""(9:59).**

Ендеше, Аллаһқа шүкірлі бол, ісінді Аллаһқа тапсырған болсаң , еш нәрседен қорықпа, Аллаһқа қайтушы және тәуекел етуші бол – сол кезде Аллаһ Тағала Өзі саған көмектеседі.

Тәуекелдің хақиқаты – ғибадат және пана тілеу.

" Оған ғибадат және тәуекел қыл"(11:123).

"Оған тәуекел еттім және Оған қайттым"(11:88).

"Оған тәуекел еттім және қайту Соған тән"(13:30).

"Оны уәкіл етіп алдым "(73:9).

Тәуекелдің ғибадат және пана тілеумен бірге салыстырылып қатар келгенін қара. Пайда келтірумен зианды кетірудегі тәуекел кеңірек ұғым мейлі дүние істерде болсын, мейлі ғибадат үшін пана тілеу болсын.

Тәуекел пана тілеуден кеңірек ұғым. Аллаһ Тағала осы екі асылды бірнеше жерде біріктіріп айтқан еді. (إياك نعبد وإياك نستعين) **"Саған ғана ғибадат қыламыз, сенен ғана жәрдем тілейміз"-**деген. Демек , ғибадат пана тілеу және Оның жалғыз Өзіне ғана тән тәуекел ету.

Аллаһ Тағала егерде пендесі оған тәуекел етсе – (пендесін) сақтайды. Әрі Ол Өзіне тәуекел етушілерге Өзі-ақ жетерлі, жетерлі дегеніміз – Сақтаушысы. Сонымен қатар одан жамандықты тыйады. Уайым еткенінен және дұшпанынан қорғап қояды.

Аллаһ Тағала Өз елшісіне: **"Ей пайғамбар! Саған және саған ілескен мүміндерге Аллаһтың Өзі жетерлі"-**дегенде , кейбір адамдар бұл аяттың мағынасы: "Саған, Аллаһ Тағала және мүміндер жетерлі"-деп ойлайды, яғни, олар Аллаһпен бірге құтқарады және сақтайды деп. Негізінде Аллаһ саған жетерлі және саған ілескендерге де жетерлі, сені сақтайды және оларды да сақтайды, Саған және оларға да жетерлі –бәріңізге де. Саған және оларға. Бұл аяттың басқа мағынада түсуі мүмкін емес. Сол үшін басқа аятта : **"Егерде олар сені алдауды қаласа -әлбетте, саған Аллаһтың Өзі жетерлі. Ол сені Өз нұсраты-жәрдемімен және мүміндер арқылы қолдаған еді"(18:62).** Иә, бұл жерде мүмкін.

Жетерлі болумен қолдаудың айырмашылығы.

Мүміннің жетерлі болуы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес, бірақ, жәрдемші және қолдаушы болуы мүмкін. Иә.

" Мүміндер арқылы қолдады, сені қолдап жәрдем берулері үшін". Бұл жерде еш қиындығы жоқ және таухидке қайшы келмейді. Бірақта, егер "Олар жетерлі болады"-десек, жетерлі болуға шамасы келген кім? Жетерлі болып, өзгелерді жамандықтардан кім құтқара алады? Бұл нәрселерге Аллаһ Тағаладан өзге ешкімнің шамасы жетпейді.

Осы аят мағынасында Ибнуль Қайим былай дейді:"**حسبك الله**" яғни, жетерлі болғаны. Кімге Аллаһтың Өзі жетерлі болса - Өзі сақтайды және дұшпаны Оған қалағанын жасай алмас. Және қинағанынан басқа ешбір зиан тигізбейді."

" Қинағанынан басқа ешбір зиан тигізбейді"-нің мағынасы: ыстық немесе суық, аштық , шөлдеу сияқты қиналудың түрлері (зианы тыйуы мүмкін). Бірақ, дұшпанының өзі қалағанына (мұратына жетердей) зиан тигізуі (???) - мүмкін емес. Яғни, Аллаһқа тәуекел етсең – қиналғанынан басқа еш нәрсенің зарары, зианы тимейді.

Яғни, міндетті түрде болуы тиіс нәрсе, бірақ дұшпанының тілегенімен қалағанындай емес. Яғни, жеңіл (азғантай) бір әсер, мысалы, ыстық немесе суықтағанда, шөлдегенде

немесе ашыққанда болатын бір жағдай сияқты. Бірақ, егер сен Аллаһқа тәуекел етсең – олар саған өздері қалағандай ешбір зарар беруге шамалары жетпейді.

Аллаһ Тағала әрбір амал үшін оның тиісті жасасын (сауап-күнәсін) белгілеген болса – тәуекел етудің сауабы үшін Өзінің қорғауын белгіледі. Сол үшін, кімде-кім Аллаһқа тәуекел етсе – жер бетіндегінің барлығы оны алдамақшы болсада Аллаһтың Өзі оған жетерлі болады.
(.....)

Аллаһ Тағалаға сенім арту, Оған тәуекел ету және істерді Соған тапсыру – пендеге рухани демеу (рахат) береді. Өйткені, Өзі жалғыз қанша себептерді жасап, күштерін жұмсасада – сұралатын жетіспеушіліктер қалып тұрады. Әр түрлі нәрсені жұмсасада бірақ, олар еш нәрсе қыла алмайды. Егер келіп қалса – еш нәрсе қыла алмайсың....

Мына жақтан алдамақшы болса – менде айла-амал жоқ. Екі жақтан келіп қалса – әзірлігіміз бар, ал енді одан басқа тараптан келсе – ешбір дайындығымыз жоқ. Сөйтіп пенде кейбір себептерді ұстансада – бәрібір уайым қайғыдан арылмайды. Және ол жақта пенденің шамасы жетпейтін нәрселер бар, ал тәуекел болса оған рухани тыныштық береді. Мысалы, айласы (шарасы жоқ) нәрселер. Сол жағдайда адам еш нәрсе істемегені үшін қатты уайымдап қалады. Бірақ, кімде-кім Аллаһқа тәуекел етсе - Аллаһ Тағала оны уайымдағанынан сақтайды.

Қажылыққа келген бір шешен маған төмендегі оқиғаны айтып берген еді:" Орыстар бізге шабуыл жасағанда біз бір үйде қоршауда қалдық. Қашатындар қашып кеттіде , мен өзім қалып қалдым . Сосын үйдің қасындағы қоқыс немесе қартоп қабықтары тасталатын шұңқырға бардыма және шұңқырға түсіп жатуыма тура келді. Орыстар болса үйді басып алып, ішін тінтіп ақтара бастады. Сөйтіп айқайлары көтеріліп , мен жатқан жерге жақындады. Сол кезде менде не қару жоқ не қашыпта кете алмайды. Бір-ақ шұңқыр! Сол бойы менде Аллаһқа қылған тәуекелімнен өзге еш нәрсе жоқ еді. Сөйтіп пайғамбарымыз с.ғ.м-ның сира-өмірбаянындағы бір оқиғамен Құранның бір аятын еске түсіріп оқи бастадым. Бір кезде әскери басшының жәй солдатқа : " Барда ана шұңқырды тінті"-дегенін естідім. Солдаттың шұңқырға аз-аздан басып келе жатқан қадамдарын естідім. Мен болсам , шұңқырда отырмын індегі тышқандай. Мені көріп қайтып кеттіде : "Шұңқырда ешкім жоқ"- деді. Мен таң қалдым! Көзбе-көз ұшырасқан едік.

Мен сұрадым:" Не оқып едің?". Ол айтты:"Сол кезде есіме түскені Ясин сүресіндегі қисса-әңгіме **"Олардың алдынан бір бөгетпен арттарынан бір бөгет қылдықта, оларға перделеп қойдық, сөйтіп олар еш нәрсе көрмейді". Ал менде Аллаһ Тағалаға қылған тәуекелден басқа еш нәрсе жоқ еді"**".

Сондай бір хал-жағдайлар болады екен, пенде (егер) онда материалдық еш нәрсе істей алмайды . Онда осы тәуекелден басқа еш нәрседе болмайды.

Аллаһқа тәуекел еткенде мына мәртебелердің орындалуы тиіс:

1. Раббыны және Оның сипаттарын тану тиіс, яғни Оның Құдіреттілігі, Жетерлі екендігімен мәңгі Басқарып тұрушы екендігі сияқты сипаттарын тану. Аллаһқа тәуекел етіп, Оған жүгінсең – Оның күшімен құдіретіне және сені сақтайтынына иман келтіруің міндетті болады. Аллаһ Тағаланың есім-сипаттарын жоққа шығаратындармен өзгертетіндер бұл мәртебеде құр қалады.

2. Себептермен себепшілердің бар екендігін мойындау (бекіту). Және оның әсер етудегі өзінше дербес еместігін бекіту. Себептердің (бар екендігіне) қарсы болып, оны жоққа шығарған адам – топас немесе ақымақ. Мәселен, кейбір себептер, балалы болу үшін үйлену, егіннің шығуы үшін жер жырту; сондықтанда, пайғамбар с.ғ.с-ға бір кісі келіп : " (түйесі туралы) Осыны байлап тәуекел қылайынба әлде бос қойып тәуекел қылайынба ?"-дегенде, **"Байлап тәуекел қыл!"**(-деген. Кейде дұғадан басқа себептердің талбылмай қалуы мүмкін. (Бұлда) Өте жақсы себеп. Және де Аллаһ Тағала Өз пенделерін себептерді ұстануды үйретті:" Ол Аллаһ Тағала сендерге жерді бағындырған. Ендеше Оның айналасында жүріндер"- деді.(67:15) Және :**"Қашан намаз өтеліп болса – жер бетінде таралып , Аллаһтың фазылет-кеңшілігін талап етіндер"**-деді.(62:10) Сондықтан, "Өз ризығым өзіме келмейінше

еш нәрсе қылмаймын"- деген адам – Аллаһтың көрсеткен жолымен Аллаһтың құдіретінен надан-бейхабар болады. Аллаһ Тағала "Музәммил" сүресінде былай деген: **" Ал өзгелер Аллаһтың фазылетін іздеп жер жүзінде кезетіндер(ді Аллаһ Тағала біледі)".(73:20)** Жер бетін кезу яғни, сапар қылып жүру , сауда жасау. Пайғамбарымыз с.ғ.с-ның сахабалары құрлықпен теңізде сауда жасайтын еді. Олар өздерінің құрма-егіндерінде жұмыс істейтін, оларға жұма күнінің ғұсылы уәжіп болды. Не үшін олар (сол күні ғұсыл құйынуға) бұйырылған еді?

Өйткені олар өздері үшін жұмыс қылатын, күн ысысада, құрма ағаштары арасында.....(жұмыс істеп терлегенде) терлері жүннен тоқылған киімдеріне сіңіп , мешіт ішінде жағымсыз иіс пайда болдатын. Бухари кітәбінде келгендей, оларға :**"Жуынсаңыз екен"**-делінді.

Имам Ахмад :**"Отыра берейік , ризығымыз Аллаһтың міндетінде"**-деп, өздерін тәуекел етушілер деп ойлағандар туралы сұрағанда, имам :**" Бұл өте нашар сөз. Аллаһ Тағала айтқан жоқпа;" Аллаһты еске алуға ұмтылындарда сауданы тоқтатындар. (Осылай қылуларын) егер білген болсаңдар өздерің үшін жақсы. Ал, намаз өтеліп болған кезде , жер жүзіне таралындар да Аллаһтың фазылет-кеңшілігінен іздеңдер".(62:9-10)** Салих ибн Ахмад ибн Ханбал айтты: " Әкем амал қылмай "Біз тәуекел етушілерміз" дейтіндер туралы сұралғанда:"Олар - бидағатшылар"-деген.

3. Жетілуі тиісті болған мәртебелердің және бірі – таухид жолында тұрақтылықтың болуы. Сонымен пенде , таухидті орнына келтірген болса – тәуекелдің мол үлесіне ие болады. "Маған Аллаһтың Өзі жетерлі. Одан басқа (құлшылық қылуға лайық) Тәңір жоқ, Оған ғана тәуекел еттім" алдымен таухид , одан кейін тәуекел .

4. Әрбір жағдайда Аллаһ Тағалаға сүйену, барлық істерін Оған тапсыру арқылы.....??????

5. Аллаһ Тағала туралы жақсы ойда болып , барлық істерді оған тапсыру. Аллаһтың "қолындағыға" өзінің қолындағыдан бетер сенімдірек болу. Аллаһқа сүйенгенінен дүниенің айналып тұрғанына (келуімен кетуіне) не мән бермейді немесе жүрегі сілкіністерге ұшырамайды. Оның халі , патшадане бір дирхам алып, оны ұрлатып қойғанда. Әлгі патша оған:" Уайымдама , менде ондайдың бірнеше есе көбі бар, қашан келсеңде , оның еселегенін Өз қазынамнан беремін"-деп айтқан адамның халіндей.

Сол үшін кімде-кім Аллаһ Тағаланың патшалардың Патшасы, қазыналары толы екені білсе, бір нәрседен құр қалғанына алаңдамайды. Өйткені, ол байлықты Аллаһ Тағала туралы жақсы ойды болуға қайтсақ. Хадис кудсиде келгендей, Аллаһ Тағала айтты:**" Мен пендемнің Мен туралы ойлағаны қасындамын"**-деп.

Аллаһ Тағала туралы жақсы ойда болу Аллаһқа тәуекел етуге үндейді, сен пайда тиер (пайда тиерге) тәуекел етесің шын мәнінде, адам баласы Аллаһ Тағаланың еш нәрсеге қажеті жоқ, бай әрі Құдіретті. Жетерлі әрі Сақтаушы екенін білсе – Оған тәуекел етеді.

6. Жүректі Аллаһ Тағалаға бағындыру. (Жүрек Аллаһқа) бағынышты құлдың Өз иесіне бағынғандай бой ұсынып бағынса – тәуекел орнына келеді.

7. التفويض Ат-тафуид (істі тапсыру, өкілеттік беру)

"Сендерге айтқанымды??? еске аласындар, және де мен ісімді Аллаһқа тапсырамын"(40:44). Яғни, Оған тәуекел етемін , және Одан көмек тілеймін, сендерден алыстап, қарым-қатынастарды үзумен бірге. Ибн Масғуд айтты:"Құрандағы тафуид ең күшті аят. Кімде-кім Аллаһ Тағалаға тәуекел етсе – (Аллаһтың) Өзі жетерлі болады". Ибнул-Қайим р.х. өз ұстазы Шейхуль Ислам ибну Тәймиядан төмендегі сөзді жеткізді:" Тағдыр етілген нәрсе өзіне екі нәрсені қамтиды. Одан алдыңғы тәуекелмен одан кейінгі ризалық. Дін және таухид көзқарасымен (?) . Кімде-кім істің алдында Ааллаһқа тәуекел етіп, істен кейін тағдыр етілген нәрсеге риза болса – ондай адам құлшылықты нағыз орындаушы.

Сол үшін "истихара" жақсылық тілеу дұғасын қара : "Өзіме ең қайырлысын тағдыр ет", өйткені не нәрсе тағдыр етілседе – барлығы хайырлық. Одан кейін сол тағдыр етілген нәрсеге риза болу. Ендеше тәуекел – тағдыр етілген нәрсенің болуынан алдын істі Аллаһқа тапсыру. Және сол істің болғанынан кейін оған ризалық білдіру.

Құрметті бауырлар !

Осылай біз "Тауаккуль" (тәуекел ету) мен тауаккуль дін айырмашылығын білдік. Өйткені (нағыз) тәуекелде – шариғатқа сиятын себептерді ұстану болады. Кейбір оқушылар емтиханға барарда өздерімен бірге "көшіргіштерін" (шпаргалкаларын) алып, оны "себептер" деп атайды. (!!!) Бұл күнәға тәуекел ету. Бірақта дұрыс тәуекел – шама жететін , шариғи себептерді ұстану. "Жалған тәуекел" – себептерді тәркі ету. Тәуекелді тәркі еткен – Аллаһтың құдіретіне шек келтірген болады, ал себептерді тәркі еткен – ақылының кем болғанынан.

Себептер қаншама аз және әлсіз болсада – пенде оларды жұмсауға тиіс. Сонда Аллаһ Тағала сол арқылы береке беріп , оны әсерлі қылады. Аллаһ Тағала бұны бізге "Мәриам" қиссасында білдерген еді.

*توکل – тәуекел ету, нағыз тәуекел.

*تواكل - себептерін келтірместен тәуекел ету, жалған немесе қате тәуекел .

Әрбір қажетінде Аллаһқа тәуекел етпейсің
Талап қылғанға әлсіздіктің болмайды әсерің
Аллаһтың Мәриамға айтқанын көрмейсіңбе?
Құрма бұтағын өзіне қарай сілкі саған жас құрма түседі
Егер қалағанда, сілкіместен-ақ түсер еді
Дегенмен, әр нәсенің өз себебі бар емес пе?

Ал, енді әлсіз әйелдің жағдайын елестеп көр. Нифас (яғни, жаңа босанған әйел) кезіндегі әйелді ең әлсіз болатын кезіндегі халін. Ал құрма ағашы болса өте мықты ағаш, бұтақтарыда мықты (оңайлықпен сілкінбейді). Соған қарамастан Аллаһ Тағала : "**(Ей Мәриам!) Құрманың бұтағын өзіне қарай сілкі!**"-деді. Бірақта сол бір әлсіз (немқұрайлы) себепті нәтиже қылды. Жемістерді сілкіместен-ақ түсіру мүмкін еді. Әлсіз әйелдің сілкігенінен қанша жеміс түссін?! Бірақ, құлдарды қолданылуы мүмкін себептерді (мейліше) қолдануды үйрету үшін. Бұл тәуекел мәселесінде өте маңызды тұрғы. Ал, пайғамбарымыз с.ғ.с. (жауға шыққанда) қолына қалқан ұстап(?) үстіне сауыт, басына дулыға киіп шығар еді. Бұл не? Бұл себептерді ұстану Мединеге хижрет қылғанда жол көрсетушіні жалдап, іздерін жасырып (алдап) жүрді. Бұның барлығыда – себептерді ұстану. Адамдар мән бермейтін уақытта ешкімнің ойына келмейтін жолмен шығу, өзі пайғамбар бола тұрып??? (ал аятта болса): "**Саған Аллаһтың Өзі жетерлі**" (8:62), "**Аллаһ сені адамдардан қорғайды**" (5:67) десе де, Аллаһ Тағала бізге себептерді ұстануды үйретті. Хижа – себептерді ұстанумен бірге Аллаһқа тәуекел ету.

Аллаһ Тағалаға тәуекел ету – жүрек ғылымымен бірге жүрек амалын қосады. Яғни, жүрек білімі – Аллаһ Тағаланың әр нәрсенің тағдырын жазушы және әр нәрсені басқарып тұрушы екенін білу. Жүрек амалы – жүректің Өз жаратушысына бағынуы (орнығуы), Оған сүйеніп, сенім артуы. Сонымен бұл – тәуекел қылуға екі өте күрделі әрі маңызды нәрсе. Тәуекел өзіне жүрек ғылымымен жүрек амалын қамтиды.

1 – Аллаһтың есімдерімен сипаттарын білу.

2 – тыным тауып, Аллаһқа істерді тапсыру және соған толық бағыну.

Егер сыналсаң, Аллаһқа сенім артып Одан риза бол.

Әлбетте қиыншылықтарды айықтыратын Аллаһтың Өзі,
Аллаһ Тағала (бір нәрсе) тағдыр етсе, Оның құдіретіне көн,
Өйткені Аллаһтың жазғанынан ешкімде айла болмайды
Үмітсізді кейде өз иесін...
(сол үшін) үмітінді үзбе, өйткені Аллаһ Тағала ең жақсы тағдыр етуші.

Аллаһ Тағалаға тәуекел ету – ризық, амалдың және дүние қызына ие болумен қажеттердің өтелуінде, жағымсыз нәрселерден дүние қиыншылықтарына қорғануда болады.

Сонымен қатар тәуекел Аллаһ Тағалаға ғибадатында болады. Пенденің негізгі мақсаты Аллаһ Тағалаға болса - әлбетте ол орнығып тыным табады, ешбір уайым-қайғыларға түспей Аллаһ Тағалаға дұға қылады. Себептерді жасамай Аллаһ Тағалаға тәуекел ету – (адам) дінімен ақылының төмен дәрежесін білдіреді.(???)

Өйткені біз амал қылуды бұйырдық. (Олардан мысалы)." Еш амал қылмастан, жаннатқа кіруді ойлап: "Жаннатқа Аллаһтың рахметімен кіреміз"-дегеніндердің мысалындай. Олардың бірі айтпақшы:" Үйдегі зианды жиһазшдарды шығарамын деп әйелімнің туысқандарымен біраз ерегістім. Әліде әрекет қылудамын. Ал, әйелімнің ағасы болса, қабаттасып : " Не үшін бұл жиһаздарды үйден шығармақшысың, барлығымызда Аллаһтың рахметіндеміз"-деді. Иә, барлығымызда Аллаһтың рахметіндеміз, дегенмен жаннатқа кірудің себептері жоқпа еді? Себептерін жасамастан , Аллаһтың рахметі қалай болар екен? Әй бауырым! **"Әлбетте, Аллаһтың рахметі, мұхсиндерге жақын"**(7:56), күнәхарлармен пасықтардан жақын емес. Негізгі мәселе кейбір адамдар бар, не дүниелік не шарияттық себептерді жұмсағысы келмейді. Енді кейбіреулері болса, дүниелік себептерін жұмсап, шарияттық себептерді жұмсамайды. Дүние табуда, білім алуда, өнерде, жиһаздарды қолдануда – адамдардың алдыңғы қатарында болады. Ал, намазда болса- кемшіліктері көп , харам етілген нәрселерді істегені көп. Сөйтіп, дүниеде себептерді ұстанғанмен, діни себептерді тастап кетеді. Жаннат себептерін ұстанбастан ақыретте қалай құтылып кетер екен?! Пайғамбарымыз с.ғ.с. айтты:" **Амал қылыңдар, әр кім өзіне жаратылғаны үшін береміз**".

Тәуекелге қайшы келетін жағдайлар:

1 – Ырымдарға көңіл бөлу. Пағамбарымыз с.ғ.с. айтты:" **(Ырым жоқ. Яғни, ырымға сенім жоқнемесе оның әсері жоқ)** Ырым – көзге көрінетін немесе естілетін нәрседене болады. Мәселен, бір көзді адамды көріп, немесе құстың сол жаққа ұшқанын оны бір нәрсеге жорып (жақсылыққа не жамандыққа) сапарды не үйлену тойын, не басталайын деп тұрған жұмысты тоқтату сияқты.

***ырым жоқ.** Бұл жерде ырымның жоққа шығарылуы, оның тыйым салынған амалдардан екендігіне дәлел болады.

Бұл Аллаһқа тәуекел етуге қайшы келетін іс. Мысалы, ұшақтағы орын нөмірі он үшінші болып бронь етілді. Ендеше, мен ол орынға отырмаймын десе – ырым еткен болады. Он үшінші орыннан аулақ болу – шарияттың рұқсат қылған себептеріне мүлдем жатпайды. Немесе бір адам жолдасымен сауда келісімін түзуге барарда көгершін не басқа бір құс көріп "Бұл жаман белгі "-десе. Сонда бұл жерде құстың не себебі бар? Сонымен , ырымға нану – таухидке қайшы келетін іс.

Али р.а-ға бұзақылармен соғысуға шығайын деп тұрғанда, жұлдыздарға қарап, болжам айтатын бір кісі келіп:" Кәзір "шайан" жұлдызындамыз, ей Али! Егер соғысқа шықсаң осы соғыста көп шығынға ұшырап, жеңіліп қаласың"-деді. Сонда Али р.а. Аллаһқа сенім артып , Оған тәуекел етіп шыққанды. Аллаһ Тағала сол жорығында қайырлық және жеңіс жазған еді. Сол адамдар бақсы-балгерлердің айтқанына әдейілеп керісінше теріс істеулері тиіс. Егерде оған балгер:" Бұл жорығында сен үшін жамандық (қатер) бар, жұлдыздың тұруы болса мынау"-десе, "Жоқ, тап саған қарсы болып, таухидке және сүннетке сеніп (жорыққа)шығамын, сенің айтқаныңа қарсы (теріс) іс қыламын, әй

өтірікші – тажжал"-деуі керек. (Сондай-ақ) Балгерлерге барып, олармен байланыста болу , тұмар тағу – тәуекелге қайшы нәрселер. Өйткені адам , үстіне не тақса соған сүйенген болады. Сондықтанда адам баласы , Құраннан аяттар болсада үстіне тақса – жүрегі сол ішінде тұмары бар терімен, не қағазбен, не жазылған сиямен байланысады. Ал, негізінде жүрек Аллаһпен байланысуға тиісті еді. Оны мойнына асып, не білегенін байлап, қағазбен не терімен емес – Аллаһпен байланысуға тиіс. Енді кейбіреулер болса:" Бұл себептер ғана!"-дейді. Сол кейбіреулермен негізгі қайшылықтарға түсетін жеріміз осы. Сонда біз шариғи себептерді тұтынуға бұйырылған ба едік? Әлде көрінген себептерді тұтынамызба? Негізінде тәуекелмен бірге шариғи себептердің болуы керек. Ал енді, үстіне моншақ, жіп таққан, ағаштарды теберік қылатын, "Ағузу"ны жазып (немесе жаздырып) үстіне тағу сияқты шариғатқа симайтын себептерді қалай ұстанамыз? "Кімде кім бір нәрсе тақса – соған тәуекел еткені", сөйтіп Аллаһқа тәуекел етуден құр қалып, тәуекелі басқа бір жасанды нәрсеге қылынған болады. Сол себептен *таухидтері* әлсіздеу адамдарға осындай жағдайлардың көп кездесетінін көресің. Мәшінесіне, үйіне, мойнына немесе балаларына іле береді. Оның ішінде кейде *ширки* нәрселерде болады. Өйткені ол кез-келген себепті қалайды. Онда не таухид не мықты тәуекел жоқ, сөйтіп ол қорқақ болады да кез-келген себепті ұстанып, көрінгенін істейді, мейлі шариғатқа қайшы келмеседе. Сол үшін ол ізіне қайтып, артына шегінедіде, қалағанына жете алмай, қорқынышпен қайғыда болады.

2 – Аллаһқа тәуекел етуде міндетті түрде ризық талап етудегі еңбектің болуы керек. Бұл әсіресе кәзіргі (жұмыссыздық) бәсекелесу көбейген заманда, өте маңызды. Кейбіреулер бір-біріне тәуекел етеді (сүйенеді), бала әкеге, аға ініге (немесе керісінше), олардың көбісі тіпті жұмыс істегісі келмейді. Ал, Аллаһ Тағала бізді тура жолға жолдады, ризық және басқа нәрселерді талап етудің "есіктерін" ашып қойған. Осы аталып өтілген нәрселер Құранмен сүннетте өте көп.

А – Ризықтың ең алғашқы және маңызды себебі, жер бетіндегі ең халал нәрсе – соғыс олжалары. "Енді, олжа қылып алған нәрселеріңді адал және игі халде жей беріңдер" (8:60).

Мұсылман ғұламалары ризықтың ең игісі "турасында" халал етілген нәрселердің ең халалы сауда ма, әлде егіншілік пе ,әлде қол еңбегі (ұсталық па) турасында біраз айтысып, нәтижесінде ; жер бетіндегі халал нәрселердің ең халалы – Аллаһ жолында болған ұрыстардың олжалары, өйткені Аллаһ Тағала **"Енді, олжа қылып алған нәрселеріңді адал және игі халде жей беріңдер"**-деген және пайғамбарымыз с.ғ.с хадисінде **"Ризығым (найзаның) оғымның көлеңкесі астында етілді"**-деген.

Ә - Қол жұмысы. Себебі пайғамбарымыз с.ғ.с. "Қол еңбегімен тапқанынан қайырлы тағамды ешкімде жеген емес"-деген және "Сендердің біреулерің берер-бермес біреуден тіленгеннен гөрі отын шауып , осы арқалағандарын артық"-деген.

Б – Сауда-саттық. Бұл көптеген мухажирлермен ансарлардың жасаған жұмысы. "Егре өтеліп болса , жер бетінде (әр жерде) таралып, Аллаһтың фазылетін талап етіңдер және Аллаһты көп зікір етіңдер – бақытқа жетерсіңдер" (62:10). Абдурахман ибн Ауф (Мединеге енді көшіп келгенде, оған ансар бауырларының ұсынғанынан қарамай): "Маған базарды көрсетіңдер "-деген еді. Сахабалар базарға барып сауда істерін жүргізе берер еді.

В – Егіншілік, диқаншылық және ағаш отырғызу, айтты: "Егіншіліктің Аллаһқа тәуекел етудегі басқаға қарағанда өзінің ерекшелігі бар деген (???). Дән еккен егіншінің Аллаһқа деген тәуекелі саудагердің тәуекелінен көбірек болады. Бәріде тәуекел етуге мұқтаж, дегенмен егіншінің мұқтаж болғаны әлде қайда көбірек. Сондықтан (ғалымдардың) кейбірі бұл тұрғыда егіншілікті алдына қойды, ондағы өнімге ие болу үмітіндегі жүректің Аллаһқа берілгендігінің күштілігінен . Мысалы, егін енді иістенген бойда апатқа және тағы басқа ұшырамауы үшін(???).

Одан кейін адам баласы тек ризық талап етуде емес емделуде де себептерді қолданады (жұмсайды). Мысалы, пайғамбарымыз с.ғ.с айтты **" Аллаһ Тағала шипасын**

түсірмеген бірде-бір ауру-дерт түсірген емес", және "Ей Аллаһтың құлдары! Емделіңдер!"-деген. Емделу – осы тұрғыдағы себептерді қолданудан өзге еш нәрсе емес.

Тәуекел етудің пайдалары.

1 – Оның себебімен дұшпандар үстінен жеңіс болады. **"Олар айтты: "Бізге Аллаһтың Өзі жетерлі, Ол (сенім артылған, тәуекел етілген иелердің) ең жақсысы "- деді де, сондықтан олар Аллаһтың нығметі және кеңшідігімен, ешбір сәтсіздік (не жамандыққа) ұшырамай қайт орлады" (3:174). "Мүмін жау топтарын көрген сәтте , Аллаһ Тағала және Оның елшісі бізге уәде еткені – осы, Аллаһтың және Оның елшісінің айтқаны рас"-десті. Және (жаулардың көптігі) олардың имандары мен бойұсынуларын арттырды" (33:22).**

2 – Пайдалы нәрселерді кетіріп, зианды нәрселерді алыстатады, және ризықты келтіріп шипаны тездетеді.

3 – Аллаһқа тәуекел ету – жүректің қуаттылығымен белсенділігінің себебі.

4 – Жүрекпен жүйкенің тозуынан қорғайды.

5 – Адамды өзін-өзін өлтіруден ұзақ қылады. Ал, енді тәуекелі жоқ , үмітсіз, құлдырауға ұшырағандардың қылықтары – тек қана осы дүниеде өз пікірлері бойынша орын таппағандарынан.

С – Тәуекел – жанмен малды, баламен от басыны сақтап қалудың бірден бір себебі. Йағқұб өз ұлдарына :**"Аллаһ Тағала айтқанымызға – Уәкіл (яғни, куә???)**"-деді. **"Уәкіл (ету) – Аллаһқа ғана тән, Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ, тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін". Және айтты:" Шын мәнінде құпия жиналыс (сырлар, сұхбаттар жасырын түрдегі) – иман келтіргендерді кейіту үшін шайтаннан (болады). (Бірақта, шайтан) Аллаһ қаламайынша ешбір зиан келтірмейді"**(58:10). Адам үйінен шығарда:"Аллаһтың атымен тәуекел еттім"- дейді. Сонда оған не болады десеңіз – періште: "Тура жолды таптыңда қорғандың және әрбір жаман нәрселерден сақтандың"- дейді екен.

7 – Аллаһқа қылынған тәуекел жүректе талпыныспен амал қылуға нық шешімді пайда қылады. Өйткені онда себептерді қолдануға әсіресе, шариғи себептерді қолданудың жолдары ашылады. Егер адам тәуекелді дұрыс түсінсе – іске кірісіп, себептерді ұстана бастайды. Бұл кезде амал нәтижелі әрі жемісті болдаы.

8 – Аллаһқа тәуекел ету – адамның жан-дүниесін, (рухани деңгейін) қанша қиындықтармен , тауқымет-қасіреттерге ұшырасада көтеріп қояды. Мұсылмандар сондай бір қиналып , тарылғандарының үстіне , өз кезектерін қайтару үшін жабылып (бірігіп) шыққан мүшріктердің хабары келеді. Сонда олар:"Бізге Аллаһтың Өзі жетерлі, Ол нендей жақсы Уәкіл (тәуекел қылынушы)"-деді және рахметімен ешбір жамандыққа ұшырамастан қайта оралды".

9 – Аллаһқа тәуекел қылу – құс ризықтанатындай ризықты пенде қылады. Бұл турасында жоғарыда келген еді.

10 – Аллаһқа тәуекел ету- нәтижеге қол жеткізеді. Оқушы емтиханнан өткісі келеді, жұмыс іздеген кісі бір орынға тағайындалғысы келеді, және т.б. себептер.

11 – Аллаһқа тәуекел қылған адам – Раббысының онымен бірге екендігін және Оның жақындығын , Оның жәрдем беруші, Қорғаушы және Сақтаушы екендігін сезініп тұрады.

12 – Аллаһқа тәуекел қылу – Аллаһтың пендесіне деген махаббатын келтіреді. Сол сияқты, тәуекел нәтижесінде пенде де Өз Раббысын жақсы көреді. Раббысына қылған тәуекелінің әсерін көргені үшін және Аллаһ Тағала оның ниетімен тәуекеліне қарай бергенін көріп Раббысын жақсы көреді.

13 – Тәуекелді амалға асырған адам – есеп берместен және ешбір азап көрместен жаннатқа кіреді. Бұл жаннатқа кіретін жетпіс мың адам туралы хадисінде келгендей, тәуекелдің ең маңызды әсерлерінен болады.

14 – Аллаһқа тәуекел ету – үстемділік және байлық (яғни, еш нәрсені қажет қылмағандық).

Тәуекел етушілердің және олардың басшысы пайғамбарымыз с.ғ.с. –ның бастарынан өткен оқиғалары.

Пайғамбарымыз с.ғ.с. өз сахабаларымен бір сайға түсіп (орналасқанда), қылышын ағашқа іліп қойды. Ал, адамдар болса сайда таралып , (ағаштарды көлеңке қылып алған) және еш нәрсеге мән берместен ағаштарды көлеңке қылып алған еді. Бір кезде пайғамбарымыз с.ғ.с. оларды шақырғанда , қасына барғанда бір кісінің және қылышының түсіп қалғанын көреді. Сонда пайғамбарымыз с.ғ.с. айтты: **"Шын мәнінде мен ұйықтап жатқанымда бір кісі келіп қылышты алды (ұстады). Сол кезде оянсам бас жағымда (маған қарай) қылыш көтеріп тұрғанын көрдім. Байқап көрсе – қылыш басының үстінде тұр екен. Сонда қашар жер қайда? Әлгі кісі болса : "Сені менен кім тосып қалар екен?"-деді. Мен : "Аллаһ "-дедім.(яғни, бұл пайғамбарымыз с.ғ.с-ның сөзі) Осы кезде тәуекел , жүгіну және жәрдем тілеу, бәріде бар еді). Сонда айтты: "Сөйтіп әлгі адам қылышын түсірді (және риуаятта қылышы қолынан түсіп кетті), міне – ол отыр"-деді ,сахих Муслимде келгендей.**

Пайғамбарымыз с.ғ.с. Абу Бакрмен бірге үңгірде. Абу Бакр болса, өзі үшін қорыққанынан қарағанда, пайғамбарымыз с.ғ.с. бетер қорықты. Сонда : "Ей, Расулуллаһ! Олардың бірі аяқ астына қарағанда бізді көрер еді.(Яғни, біздің жоқ болып кетуімізге оларды бір рет төмен қарағаны қалған еді. Сонда пайғамбарымыз с.ғ.с. **"Екеумізді дегені не? Үшіншіміз Аллаһ Тағала "-**деген. Осындай тәуекелмен жүгіну қиын кезеңдерге ерекше анық көрінеді. Демек, (бұл пенденің жүрегі Раббысына мұхтаж, Оған тәуекел еткен , істерін Соған болады), әсіресе егерде істерін Аллаһқа тапсырудан басқа ұстайтын себебі болмай қалған жағдайда пенденің жүрегі Раббысына ерекше мұқтаж , Оған тәуекел еткен етіп , істерін Соған тапсырған болады.

Қажылыққа шығып, өздерімен бірге жолға ешбір жол азық алмаған Йеменнің адамдарына Ибн Аббас олардың істерінің дұрыс еместігінің айтқан еді, олар еш азық алмай "Біз тәуекел етушілерміз"-деп , Меккеге келгенде, елден қайыр сұрап, алақандарын жайып елден көмек сұрады. Сонда Аллаһ Тағала :**"Өздеріңмен бірер азық алыңдар, әлбетте, азықтың ең қайырлысы – тақуалық"**-деген.(2:197)

Бұл жерде Имам Ахмад р.ғ. пайғамбарымыз с.ғ.с-нан риуаят еткен бір әйел туралы әдемі қиссаны-оқиғаны айтып кеткеніміз орынды сияқты. Пайғамбарымыз с.ғ.с айтты: **"Бір әйел мұсылмандар тобымен жорыққа шығып, он екі ешкісімен жүн иіретін ұршығын қалдырып кетеді. Сөйтіп малынан бір ешкісімен әлгі ұршығын жоғалтып қояды. Сонда айтқаны: "Ей Раббым! Әлбетте Сен Өзіңнің жолыңа шыққанның (малын) сақтауды кепілдігіңе алып едің. Ал мен болсам ешкіммен ұршығымды жоғалтып алдым. (Ей Аллаһ!) Сенен ешкімді және ұршығымның (табылуын не қайтарылуын) өтінемін"**-деді. Сөйтіп пайғамбарымыз с.ғ.с. әлгі әйелді Раббысына деген жалбарынуының күштілігімен Аллаһқа деген тәуекелін атап кетеді". (Өйткені ол әйел) Аллаһ Тағаланың жолына шығып, Аллаһ Тағаланың малын сақтайтынына кәміл сенген еді. Жорықтан қайтқан кезде : "Аллаһ Өз уәдесінен айныды деген жоқ". Бірақ Раббысының уәде қылғанын жалына сұрап, тілегін үзген емес (яғни, илхах қылды). Пағамбарымыз с.ғ.с . айтты: **"Сол кезде бір ешкісі екі болып, бір ұршығы екеу болған еді"**(яғни, еселеп айтты).

Дұға мен тәуекел қылып ұйықтап қалып еді, Аллаһ Тағаладан еселеп қайтқан күйінде тапты.

Имам Ахмад Муснад кітабінде былай дейді: "Бізге Һашим ибн Қасим айтты: "Исламның алдында жаһилиат заманында бір ермен әйел өмір сүріпті. Ол екеуінің еш нәрсеге шамалары жетпейтін. Сөйтіп бір күні әлгі ер адамның қарны қатты ашқан халде үйіне келеді де әйеліне: "Үйде жейтін бір нәрсе бар ма?"-деп сұрайды. Бірақта әйел өз ерінің халін аяп, рухани көтеру үшін ашығып келген күйеуіне "жоқ"-деуді қаламады. Сөйтіп әйелі күйеуін аяп, Аллаһқа сенім арттырып: "Иә сүйінші, саған Аллаһтың ризығы келді"-деді. Ал, өзінде (еріне беруге жейтін) еш нәрсе болмасада, Аллаһқа артқан сеніммен сүйенгенін, Оған деген үміті бар еді. Қатты талап ете және тағы айтты: "Ей құрғыр! Бір нәрсе болса келтірсеңші!"-деді, әйелі болса: "Біраз сабыр етші. Аллаһтың рахметін үміт етейік"-деді. Тағы біраз уақыт өткен соң, әлгі күйеуінің қарны тіптен ашып, аштығына аштық қосылып: "Ей құрғыр! Егер наның болса, оны бері келтір, мен аштықтың соңғы деңгейіне жеттім (аштан өлетін болдымғой)"-дейді. Әйел болса: "Иә, қазір тандырды қыздырайын"-дейді. Ішінде еш нәрсе жоқ тандырды жақтыда, асықпады. Бірнеше уақыт тынышталып, бір нәрсе айтуды күткенде, әйелі ішінен айтты: "Аллаһқа сенім арттырып, тандыр ішін қарасам еді". Тұрып барғанда тандырдың ішін қойдың қабырға еттеріне толған күйде ал, қол диірменінің (өз-өзінен) бидай тартылып тұрғанының тапты. Сөйтіп қол диірменді барып байқадыда, тандырдың ішіндегі қабырға еттерді шығарды. Сонда Абу Һурайра р.ғ. айтты: "Абуль-Қасымның жаны қолында болған (Аллаһқа) ант етемін, (Мұхаммед с.ғ.с. сөзінен) диірмендегіні алып, ішіне қарамағанда – Қиямет күніне дейін дән тарттырар еді"-деген.

Кейбіреулер: "У ішкен Халид ибн Уалид қиссасы-әңгімесіне байланысты не дейміз немесе алапес ауруымен ауырған адаммен бірге тамақтанған Омар туралы не деуге болады?"-дейді.

Халидтің қиссасы тарих кітаптарында өте әйгілі: Мұсылмандар бір қорғанды қоршағанда, румдықтар айтты: "У ішпегеніңше берілмейміз (немесе бағынбаймыз)" деді. У ішудің үкімі – харам, оны ішу дұрыс емес. Кімде-кім у ұрттап, сол у ішіп барып өзін өлтірсе, тозақта мәңгі қалатын түрде болады. Сол сәтте Халид шынымен қиналып қалған еді. Олардың берілуі – мұсылмандардың сақталып, соғыс және жарақаттар қиыншылықтардың олардан ұзақ болғанын білдірер еді. Және онда үлкен пайда болар еді. Ал, румдықтар болса – мұсылмандарға берілетіндей бір кереметтерді қалаған сияқты – бәсекелесу- сол кезде Халид ибн Уалид уды ішіп жіберіп еді – зианы болмастан, румдықтар беріле қойды.

Бұл жеке және сирек кездесетін оқиға. Халид р.ғ. уды өлейін деп ішкен жоқ, бірақта мұсылмандыр үшін көп пайдасын көріп және өзінде Аллаһқа деген күшті тәуекел тапты. Бұл – кейбір әулиелердің (Аллаһтың жақсы көрген пенделерінің) кейбір жағдайлары сезінетін нәрселерінен. Сонда ғана тәуекелден еш зиан көрмейді. Дегенмен бұндай жағдайлар кез-келген адамдармен бола бермесе керек.

Сол сияқты дәлелдікпен айқындылықта қалаған адамға Омар р.ғ. қиссасын түсінсе болады.

Жұқпалы ауруды міндетті түрде басқаға жұғатынына сенген адамға өз ішінде мықты әрі дұрыс тәуекел және жүректегі күшті тауып, адамдарға аурудың (өз-өзімен) жұқпайтындығын дәлелдеп бергісі келген еді.

Дегенмен бұл Аллаһтың әулиелерімен болатын жеке жағдайлар. Оны кез-келген жағдайда қолданып болмас. Ал, негізінде - әр іс өзінен асылында қалуға тиіс.

Аударған: Аңдарбаев Сержан.

